

Қазақстанның Мемлекеттік даму банкісін құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1994 жылғы 6 қыркүйек N 1849. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.08.18. N 2411 жарлығымен. ~U952411

Мемлекеттік және мемлекеттік кепілдік арқылы тартылған қаржы ресурстары есебінен жүргізілетін инвестициялық қызметті жетілдіру және тиімділігін арттыру мақсатында қаулы етемін:

1. Министрлер Кабинетінің Қазақстанның Мемлекеттік даму банкісін құру туралы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкісімен келісілген ұсынысы қабылдансын.

2. а) Қазақстанның Мемлекеттік даму банкісі:

- Қазақстан Үкіметі белгіленген елдің экономикасын басым дамытуға сәйкес тиімді инвестициялық жобаларға орта мерзімді және ұзақ мерзімді кредит беруді жүзеге асыратын үкіметтік қаржы-кредит институты болып табылады <*> ;

<*> Ескерту: 2-тармақтың а) тармақшасының сөздермен толықтырылды - ҚР Президентінің 1995.01.19. N 2035 жарлығымен.

- кредит ресурстарының нысаналы және тиімді пайдаланылуына, өзі қаржыландыратын инвестициялық жобалардың жүзеге асырылуына жауап береді ;

ә) Қазақстанның Мемлекеттік даму банкісі Басқармасының құрамына Қазақстан Республикасының Экономика және Қаржы министрліктерінің, басқа да мемлекеттік басқару органдарының өкілдері кіреді деп белгіленсін.

Қазақстанның Мемлекеттік даму банкісі Басқармасының жеке құрамын Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітеді.

3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік даму банкісінің жарғылық қоры мен кредит ресурстарын құруды Экономиканы жаңғырту қоры қаржысының, сол сияқты шетел инвестициялық кредиттері мен басқа да оған тартылған көздердің есебінен жүзеге асыру қажет деп танылсын.

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкісі қазіргі кезде Қазақстан Республикасының Экономиканы жаңғырту қоры есебінен кредит берілген объектілердің қаржылық және техникалық құжаттарын, сондай-ақ Қазақстан

Республикасы Ұлттық Банкісінің Инвестицияларды қаржыландыру және кредиттеу департаментінің облыстық басқармалардағы тиісті бөлімшелерімен қоса құрылымдық бөлімдерін Қазақстанның Мемлекеттік даму банкісіне беретін болсын.

5. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті:

шетел инвестициялық кредиттерін тарту, алу мен қызмет көрсету, инвестициялық жобаларды сараптау және басқа да мәселелер бойынша Мемлекеттік даму банкісінің қызмет аясын, оның Қазақстан Республикасының мемлекеттік экспорт-импорт банкімен және Экономика министрлігінің жанындағы Шетел инвестициялары жөніндегі Ұлттық агенттікпен өзара іс-қимылының тәртібін айқындайтын болсын;

бір айлық мерзім ішінде Қазақстанның Мемлекеттік даму банкісінің құрылтайшы құжаттарын әзірлеп, белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкісіне тіркеуге ұсынсын;

1994 жылдың 1 қазанына дейін қарайлас инвесторлардың Қазақстанның Мемлекеттік даму банкісінің ресурстарына қатысу мүмкіндігін; Қазақстанның Мемлекеттік даму банкісін құру және оның қызметкерлерін оқыту жөнінде халықаралық қаржы ұйымдарымен және шетел банкілерімен техникалық көмек көрсету туралы мәселені пысықтайтын болсын;

Экономиканы жаңғырту қорының қаржысын Қазақстанның Мемлекеттік даму банкісіне өткізу қажеттігін ескере отырып, қолданылып жүрген заңдарға өзгертулер енгізу туралы ұсыныс әзірлеп, белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесіне ұсынсын.

6. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі

мемлекеттік комитеті Қазақстанның Мемлекеттік даму банкіні орналастыру үшін Алматы қаласынан үй-жай бөлсін.

7. Осы Жарлық жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК